



Сурет 12 – Ығысудың статикалық кернеулігін өлшеуге арналған ВСН-3 аспабы.

- 1 – болат сым, 2 – белгі, 3 – цилиндр, 4 – кадауша, 5 – айналмалы үстел, 6 – редукторы бар электроқозғалтқыш, 7 – стакан, 8 – сымды қорғайтын түтікше, 9 – калибровты кестесі бар диск.

Цилиндрдің бетіне үйкеліскен бөлшектердің алмасуы нәтижесінде, ерітіндінің құрылым шамасы бұзылады және сым бастапқы қалпына келіп, цилиндрді кері бағытта айналдырады. Цилиндрдің 3 кері бағытындағы айналу кезінде өлшеу аяқталады. Есептеу градуспен берілген дискінің шкаласы бойынша жүргізіледі. Осыдан кейін, дискінің нөлін бағдаршаға қайтадан әкеледі. Секундамер бойынша 10 мин өткеннен кейін сазды ерітіндінің тексотропиясын анықтау үшін, екінші өлшеу жүргізеді. Электродвигательді қосудан бастап ілінген цилиндрдің айналысы тоқтағанға дейінгі уақыт 1 минутқа тең болуы қажет, бұл ең жоғарғы мәнді есептеменің 70°C -қа сәйкес болады.

Сүзілу көрсеткіші. Бұрғылау ерітіндісінің сүзілу көрсеткішін далалық жағдайларда сүзілу үдерісінде, ерітінді сынамасының көлемінің азаюын өлшеу арқылы ВМ-6 аспаптың көмегімен анықтайды. Оны 13-ші суреттен көруге болады.